

Демографиялық мәселелер

Халықтың ұдайы өсуі туу мен өлімінің мөлшеріне байланысты олардың арасындағы айырма **табиғи өсім** деп аталады. Оның сан - мөлшері 1000 адамға шаққандағы промиле (‰) көрсеткішімен есептеледі. Дүниежүзілік орташа есеп: туу – 28 ‰, өлім – 10 ‰, ал табиғи өсім – 18 ‰. Халықтың ұдайы өсуіне бірнеше факторлар әсер етеді. Бұл факторлар, негізінен, 5 топқа біріктіріледі:

1. Табиғи – биологиялық фактор. Адамдардың тууы мен өлуі – биологиялық құбылыс . Сол сияқты халықтың ұдайы өсуіне әр түрлі климат және табиғат жағдайларына үлкен әсер етеді. Ал өлімге келсек, бұл – қайтымсыз процесс. Көбінесе адамдар физиологиялық қартаюдан емес, негізінен, олар аурудан немесе басқа да себептерден өледі. Аурудың таралуы әрбір жердің табиғи ортасына байланысты болуы мүмкін. Мысалы, батпақты жерлерде – безгек ауруы, тропикада – ұйқы ауруы т.б.
2. Әлеуметтік – экономикалық фактор. Бұған жататындар: халықтың тұрмыстық хал-ахуал деңгейі, денсаулықтау сақтау шараларының дамуы, әйелдердің қоғамдық жағдайы, халықтың мәдени және білім деңгейі, шұғылданатын кәсібі, т.б. Мәселен, жыл сайын жер шарында 14 млн адам, оның ішінде 6 млн сәби
3. Табиғи өнімнің мөлшеріне әсер етуші факторлардың келесісі – демографиялық топқа біріктіріледі. Бұларға: халықтың жастық және жыныстық құрамы, некелесу және ажырасу факторлары да жатады.
4. Табиғи өсімге үлкен әсер етуші негізгі факторлар тобының бірі – ол мәдени әлеуметтік және психологиялық факторлар. Мысалы, көп балалы болу, әдет-ғұрыптарының сақталуы, мұндай жағдай демографиялық дәстүр деп аталады. Діннің әсеріне келсек, ислам, индуизм, католик, т.б. діндер көбеюді қолдайды. Кейбір діндердің тууға онша әсері жоқ, мысалы, будда, протестант, православие діндері.
5. Халықтың табиғи өсіміне әсер етуші факторлар арасында ерекше орынды соғыс пен стихиялық апаттар алады. Әсіресе соңғы екі дүниежүзілік соғыстың зардабы аса көп. Бірінші дүниежүзілік соғыста шамамен 10 млн—нан аса адам көз жұмса, Екінші Дүниежүзілік соғыста 50 млн-ға жуық адам қаза тапты. Соғыстың зардабы сонымен бірге адамдардың тұрмыс ахуалының төмендеуіне, аш-жалаңаштыққа, түрлі ауруларға шалдықтырады. Әрі қосымша шығындарға ұшырады. Мысалы, некеге тұрушылар санының азаюы, халықтың жыныстық құрамы бұзылуы, еркектердің біраз бөлігінің соғыста шығынға ұшырауы туудың мөлшерінің азаюына алып келді. Табиғи апаттардың – жер сілкіну, су тасу, дауыл, құрғақшылық, температуралық режимдердің шұғыл өзгерісі, т.б. жыл сайын мыңдаған адам өмірін қиюда.

Демографиялық дағдарыс

Дағдарыс - әлеуметтік, экономикалық, табиғи ықпалдардың әсерінен белгілі бір аймақтағы (елдегі, облыстағы, аудандағы) халықтың ұдайы өсуінің тежелуі Демографиялық дағдарысқа соғыс, әлеуметтік, экономикалық жағдайлар, мемлекеттің демографиялық саясаты т.б. тікелей әсер етеді.

Демографиялық дағдарыс- ол ұлттың қартаюуы және демографиялық кризис немесе депопуляция. Халықтың қартаюуы – 60 жастан жоғары адамдар санының артуы мен 15 жасқа дейінгі балалар санының азаюына әкеледі.

Демографиялық жарылысқа, яғни халық санының табиғи өсімнің жоғары дәрежесіне байланысты жедел қарқынмен өсуіне әкеп соқтырды.

Халық санының күрт өсуі демографиялық жарылыс деп аталады. Бұл құбылысты адамның өмір жасының ұзаруы, сәбилер өлімінің азаюы яғни сәбилердің санының көбею жағдайында туу көрсеткішінің өзгеріссіз қалуымен түсіндіруге болады.

Қолданылған сілтеме: http://www.geosfera.info/publ/ehkonomicheskaja_geografija/geografija_naselenija_mira/chislennost_naselenija_mira_estestvennyj_prirost_i_tipy_vosproizvodstva_naselenija/28-1-0-96